

## Беларусь Республикасынан Өзбекстан Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы арнайы мүліктің транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 19 шілде N 804

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009\_ Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 Р991143\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

қаулы етеді :

1. 2001 жылғы 31 тамыздағы N УМ-2001/IMP-5 келісім-шарт бойынша "Узмахсусимпэкс" мемлекеттік кәсіпорны (Ташкент қаласы, Өзбекстан Республикасы) үшін "Белтехэкспорт" жабық акционерлік қоғамы (Минск қаласы, Беларусь Республикасы) беретін арнайы мүліктің Беларусь Республикасынан Өзбекстан Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы қосымшаға сәйкес номенклатурасы мен саны бойынша транзитіне рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі

мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы арнайы мүліктің транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 19 шілдедегі

N 804 қаулысына

қосымша

2001 жылғы 31 тамыздағы N УМ-2001/IMP-5 келісім-шарт бойынша "Узмахсусимпэкс" мемлекеттік кәсіпорны (Ташкент қаласы, Өзбекстан Республикасы) үшін "Белтехэкспорт" жабық акционерлік қоғамы (Минск қаласы, Беларусь Республикасы) беретін тауарлардың саны

Н ! ! ! ! !  
 ! ! ! ! ! ! !  
 ! ! ! ! ! ! !  
 ! ! ! ! ! ! !  
 ! ! ! ! ! ! !

!бірлігі! !долла.!долла.!Ташкент-  
 !рымен !рымен !тауар  
 !бірлік!жалпы !станциясы  
 !үшін !құны !шартымен  
 !бағасы! !жалпы құны

---

1. РСП-6М2 852610900 к-т 1 382200 382200 427280

қондыру  
 радиолокациялық  
 жүйесі

2. ВИСП-75Т 847160900 к-т 1 196000 196000 218910

қондыру  
 жүйесінің  
 алып шығу  
 индикаторы

3. АПП-90П 870590900 к-т 2 23520 47040 52950

әуе айлағы  
 қондыру  
 прожекторы

Жиыны: 699140

---

Жөнелту пункті: Барановичи-Центральные станции (Беларусь Республикасы).

Баратын пункті: Ташкент-тауар станции (Өзбекстан Республикасы).

Шекаралық өту пункттері: Илецк-1 станции, Шенгелді станции.

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК